

**Ақсу негізгі орта мектебі 2023-2024 оқу жылы  
“Балалар және театр” жобасы аясында өткізілген  
іс-шараның жылдық есебі**

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды. Биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарының мазмұнын толықтыру мақсатында «Балалар және театры» жобасы қолға алынған болатын. «Балалар және театры» жобасын енгізудегі мақсат – оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

Аталған жоба аясында қазан айында мектебімізде «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында 1-9-сынып оқушылары арасында сахналық қойылым бойынша сайыс өткізілді. 1-4 сынып оқушылары «Мақтаншақ бай», «Алдар көсе мен бай», 5-9 сынып оқушылары «Аяз би», «Жақсылық пен жамандық», «Қаңбақ шал» ертегісін сахналап өз өнерлерін көрсетті. Оқушылардың театр үйірмесіне деген қызығушылығы өте жоғары. Әрбір кейіпкердің рөлдерін сомдауға барын салып, кейіпкердің образын ашуға тырысты. Іс-шара соңында жас әртістеріміз арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Қаңтар айында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Жубаназарова 8-9 сынып оқушылары арасында "Little Red Riding Hood" тақырыбында көрініс ұйымдастырып өткізді. Жұмыстың мақсаты - оқушылардың театр әлемі жайлы түсініктерін дамытып, оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік тәрбие қалыптастыру. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін әдемі сомдап, өз рөлдерін жақсы ойнап шықты. Талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің балаларға берері көп. Жобаның мүшелері де сахнада өздерін еркін ұстауға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығуға машықтанып келеді.

«Балалар жылы» басталған бұл жоба мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттардың жолын ашары сөзсіз.

Ақпан айында мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі А.Қыдырбаева мен шағын орталық тәрбиешісі А.Сатбаева тәрбиеленушілермен «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерімен сахналық көрініс жасады. «Бауырсақ» спектаклінің тұсаукесері мектеп алды даярлық сыныбы және мектеп жанындағы шағын орталықтың оқушыларына өте қатты ұнады.



Наурыз айында «Балалар және театр» жобасы аясында 3-сынып жетекшісі Ш.Өтепбергенова «Ертегілер елінде» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ертегілер оқып, мағынасын түсіне білуге, «Балалар және театр» жобасы аясында оқушыларды сахнада ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сомдауға үйрету. Сабақ барысында оқушылар ертегілер жайлы жұмбақтар шешіп, мәнерлеп оқу оқыды. Оқушылар «Мақта қыз бен мысық» және «Екі дос» тақырыбындағы көріністерді өте жақсы ойнап шықты.

Сәуір айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің бірлесе ұйымдастыруымен 7-9 сынып оқушылары «Ұлты ұлықтаған ұлы Абай» тақырыбындағы сахналық қойылым арада қанша уақыт өтсе де естен кетпейді. Абай, Құнанбай, Зере мен Ұлжан, Әйгерім ролін сомдаған оқушылардың актерлық шеберлігіне тәнті болғандар сонша қойылымнан алған әсерін көпке дейін айтып жүрді.

Мектеп директоры м.а.  Р.Н.Айтекенова

Орындаған: С.С.Абилкаирова  
Тел: 87053806128